

Ұлттық рухымыз бойымызда

Смаилова Эльвира Кайратовна

К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ
география пәні мұғалімі

Мақсаты: болашақ ұрпақтың бойына ұлттық сананы қалыптастырып, оларды отансүйгіштікке, рухани-адамгершілік мәдениетке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта

Кіріспе сөзі (мұғалім):

Елбасының жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында алты бағыттың бірі - ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда қалуға тиіс деп мақалада айтылған. Бұл біздің басты міндетіміз деп білемін. Ұлттық рух әр жанға тән қасиет болып саналады. Ол - адамның бойынан, ішкі дүниесінен табылатын жоғары сезім, өз елінің тарихын білумен, отанды қорғаумен, халықтың болашақ тағдыры үшін күресумен байланысты. Халық жоғары идеялармен өмір сүрсе, күдіретті халық болады.

Болашақ ұрпақтың бойына рух сіңіру ұлттық тәрбие арқылы жүзеге асыру қажет. Әр этностың ұлттық қасиеті өзінің құндылықтарымен ерекшеленеді. Ұлттық рух бұл ұлтымыздың түп қазығы, іргетасы. Рухы мықты халықтың болашағы да зор. Мықты елді қалыптастыруда және болашақты дамытуда білім, сана, отбасы, мектеп, қоғам тәрбиесі ерекше рөл атқарады.

1. Әнұран айтылады.

2.Топтарға бөліну: Түстерді таңдау арқылы топтастыру.

1 топ - Шаңырақ

2 топ - Атамекен

3 топ - Мәңгілік ел

3. «Миға шабуыл» әдісі арқылы тақырыпты ашу.

1. Ұлттық құндылықтар деген не?

2. Қазақтың қанында ғасырлар бойы қандай қасиеттер бар?

3. Қандай қасиеттерімізді дамыту керек?

4. Жалпы қазақ халқы туралы ойың қандай?

5. Басты ұлттық құндылықтарға не жатады?

6. Рух, тіл, дін бойымызға дарыған ба?

4. «Ой қозғау әдісі». Әр топ тірек сөздерді пайдалана отырып, берілген тақырыпты ашып, өз пікірлерін, ойларын білдіреді.

1 топ – Шаңырақ – «Отбасымыздағы ұлттық ерекшеліктер».

Тірек сөздер: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны

ілесің», «отбасы - тәрбие бастауы», үлкенді құрметтеу, салт-дәстүрлер, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас, отбасылық құндылықтар, қонақжайлық, қамқор, намыс, абырой, Жеті ата, бата беру, дастархан.

2 топ – Атамекен - «Ұрпақты біріктірген музыка».

Тірек сөздер: «Өнерлі бала сүйкімді», әншілік, күйшілік, ақындық, айтыскерлік, жыршылық, домбыра, ұлттық музыкалық аспаптар, «нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра», ән-күй өнеріндегі белгілі тұлғалар.

3 топ – Мәңгілік ел – «Еліміздің болашағы – қазақ тілінде».

Тірек сөздер: мемлекеттік тіл, көркем тіл, бай тіл, «Тіл білген – ел біледі», тіл қызметі, тәрбие, тіл мәртебесі, білім мен ғылым, ел болашағы.

5. «Киелі сандар». Осы сандар туралы не білеміз?

1 топ – Шаңырақ – 3 саны

2 топ – Атамекен – 5 саны

3 топ – Мәңгілік ел -7 саны

(Презентацияда киелі сандарға қатысты қосымша мәліметтер берілген)

Қорытынды

Мұғалімнің сөзі:

Әрбір жастың бойынан қазағымызға тән қасиеттер табылу тиіс. Халқымыздың рухы жоғары болу болашақ ұрпақтың қолында. Атап кеткендей рухы мықты халықтың қалыптасуы адамның санасына, тәрбиесіне, біліміне, ана тіліне деген құрметіне, патриоттық сезіміне байланысты. Ата – бабамыздан бойымызда қалыптасқан ұлттық рухымыз бен қасиеттеріміз туралы «Қазақ халқының қасиеттері» өлеңімен сабағымызды аяқтаймыз:

Қазақ халқының қасиеттері.

Қазақты Қазақ еткен мейірімді тілі,

Мейманды досы, мархабатты төрі.

Мамыражай көңілі, бейбіт өмірі.

Шексіз пейілі, теңіздей таусылмас өнері.

Еңбектегі өлермендігі, өшпейтін өсиеті.

Ұмытылмайтын қасиеті, арыстандай ауқаулығы,

Айбынды азаматтығы,

Азбайтын ары мен ұяты,

Тозбайтын жұраты!

Осыларды білген Қазақтың,

Асыл болар - мұраты!!!

(Қаз дауысты Қазыбек Би)